



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 20 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І  
2005 жылғы 16 маусым**

**Халықаралық резервтер және  
ақша базасы туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2005 жылғы 15 маусымда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
<b>Таза халықаралық резервтер, млн.долл.</b>	<b>8 583,7</b>	<b>8 604,4</b>
оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	7 782,9	7 782,9
Алтын	800,8	821,5
<b>Ақша базасы, млрд. теге</b>	<b>554,5</b>	<b>554,5</b>
КЗТ/USD (кезең аяғында)	<b>134,00</b>	<b>130,00</b>
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	<b>426,95</b>	<b>438,00</b>

\* 2004 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

\*\* ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2005 жылғы маусымның бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 1,0%-ға (немесе 90,1 млн. долл.) төмендеді. Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету, Ұлттық қордың активтерін толықтыру және Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногындағы операциясы Ұлттық Банктегі Үкіметтің шоттарына шетел валютасының түсуімен ішінара бейтараптандырылды. Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 110,2 млн. долларға төмендеді. Алтынмен активтер жүргізілген операциялар және оның әлемдік рыноктардағы бағасының 2,4%-ға көбеюі нәтижесінде 20,1 млн. долларға өсті.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 1,2%-ға, ЕАВ-мен таза активтер – 1,4%-ға төмендеді, алтынмен активтер 0,2%-ға көбейді.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 5 157,4 млн. долл.) қоса алғанда 13 744,7 млн. долл. болды. Өткен айға төмендеуі 0,8 % болды.

2005 жылғы маусымның бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің өусі ақша базасының 0,8%-ға (немесе 4,6 млрд. теңгеге) кеңеюіне себепші болды.